

Бекітемін:
№6 Шұбарқұдық негізгі орта
мектебінің директоры: Г.А.Адаев
29.08.2021ж.

Аудандық эксперттік
комиссия шешімі

Хаттама №2
03.09.2021ж.

«Әсем әлем»

Шағын орталықтың ересек тобына арналған адаптивтік бағдарлама.

Дайындаған: Ельтезерова А.А

2021-2022жыл.

**Шағын орталықтың ересек тобына арналған
«Әсем әлем» бағдарламасына.**

Пікір

Бағдарлама мектепке дейінгі 4-5 жас балаларына дәстүрден тыс әдіс-тәсілдері пайдаланып балалардың бейнелей білу шығармашылықтарын дамыту. Дәстүрлі білім балаға білім береді. Бүгінгі күннің талабы-білімді болоып ғана қоймай, соны іске асырып, қолдана білуге ынталандыру. Осы мақсатта балаларды білімділікке, өнерге, деген қызығушылығын арттыру үшін тәрбиеші өз жұмысын дұрыс мақсатты түрде жоспарлай жүргізе білуі маңызды. Бағдарламаның негізгі мақсаты рухани адамгершілік қасиеті бар, эстетикалық түрде дамыған, әртүрлі бейнелеу іс-әректі арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, шығармашыл тұлға тәрбиелеу. Балаларды бейнелеу өнерінің әдіс-тәсілдеріне үйрету-эстетикалық тәрбиенің ең басты міндеті болып есептеледі.

Эстетикалық тәрбие алған балалар жарқын, әсем атаулының бәріне жай ғана ұмытылып қана қоймай, сұлулықты жан дүниесімен қабылдайтын болады.

Мектепке дейінгі кезеңде шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда бейнелеу өнерінің әрекеті ерекше. Балалардың ең сүйікті әрекеттері сурет салу, мүсіндеу кезінде заттармен құбылыстар туралы түсінігі қалыптасып, көркемдеп бейнелеуге және өзінің сол затқа қатынасын жаңа оймен бере білуге дағдыланады.

ТРИЗ-шілердің ұраны-«Ойдағының бәрін айтуға болады», сондықтан өздері ойлап тауып, өз ойларын жасқанбай айтып жеткізетін білімді жеткіншек тәрбиелеуде «Әсем әлем» бағдарламасының алатын орны ерекше.

Пікір беруші:



Сеилханова Ж.С

Түсінік хат

Бағдарлама мектепке дейінгі 4-5 жастағы балаларға арналып жасалған. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ТРИЗ-бұл негізгі бағдарламаның тиімділігін бекітуге, күшейтуге арналған ойындар мен жаттығулардың жүйесі. Бүгінгі күні ТРИЗ-дік әдісті қолданудың тиімділігіне ешкім шек келтірмейді. Дәстүрлі білім балаға білім береді. Бүгінгі күннің талабы-білімді болып қана қоймай соны іске асыра, қолдана білу болып-балаларды жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, интеллектуалды ойы озық, шығармашыл тұлға болып шығатындай етіп тәрбиелеу екендігін білеміз. Осы мақсатта балалардың өнерге деген қызығушылығын қалыптастыру үшін тәрбиешінің өз жұмысын дұрыс, мақсатты түрде жоспарлай және жүргізе білуі өте маңызды.

Бағдарламаның негізгі мақсаты: Балалардың бойында қоршаған ортаға деген эстетикалық көзқарастарын қалыптастыру. Өнер құралдары арқылы көркемдік тәрбие беру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Көркем өнер туындылары жайында қарапайым түсінік беру және әсер алу, сезінуге баулу, іскерлік дағдыларын меңгерту.

Міндеттері:

- Сапалы шығармашыл тұлға тәрбиелеу
- Баланың күтпеген өзгерістерге дайын болуын қамтамасыз ету, ой қиялын дамыту, ойлау қабілетін ерекше болуын қарастыру
- Дәстүрлі емес құралдар мен материалдарды пайдалана отырып дәстүрден тыс техника жұмыстарының негізгі графикалық бейнелеу жолдарымен таныстыру.

Күтілетін нәтижелер:

- Суретті сала білу
- Эстетикалық талғамы болу
- Бейненің сипатына сәйкес техникалық тәсілдер мен бейнелеу құралдарын өздігімен тандай білу
- Өзінің шығармашылық қабілетін қандай да бір іс-әрекет аясында көрсетеді.

«ӘСЕМ ӘЛЕМ» бағдарламасының перспективтік жұмыс жоспары.

№	Тақырыбы	Мақсаты	с/с	Күні, айы, жылы.
1	«Күзгі жапырақтар» ТРИЗ	Дәстүрден тыс балалардың шығармашылыққа білеттерін дамыту. Әртүрлі тәсілдерді пайдаланып таза, ұқыпты жұмыс жасауға үйрету.	1	6.09.21
2	«Жемістер» ТРИЗ.	Дәстүрден тыс штамп басу арқылы жемістердің суретін салу. Түстерді білуге жаттықтыру. Қолөнерге қызығушылықтарын арттыру.	1	13.09.21
3	«Жаңбырлы күз» ТРИЗ.	Суланған бетке сурет салуды үйрету. Қиял, ойлау қабілеттерін дамыту. Ерік жігерлерін шыңдау. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	20.09.21
4	«Су бетінде қалықтаған ағаш» ТРИЗ.	Қағазды екі бүктеу арқылы дәстүрден тыс сурет салу дағдыларын одан әрі үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	1	22.09.21
5	«Күзгі ағаштар» ТРИЗ	Ағаштарды үрлеу арқылы бейнелеуге үйрету. Олардың құрлысы: дінің, бұтағын, жапырақтарын салуға жаттықтыру. Таза, ұқыпты жұмыс істеуге, табиғаттың әсемдігін сезіне білуге, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу	1	4.10.21
6	«Күзгі бұлтты күн» ТРИЗ	Дәстүрлі емес тәсілдерді пайдалануға үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Өзінің достарының жұмыстарын бағалай білуге үйрету.	1	11.10.21
7	«Құстар қайтып барады» ТРИЗ	Балаларды өлі табиғатты бейнелеуге үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Жыл мезгілдеріне сай табиғаттағы өзгерістерді, бейнелеуге дағдыландыру. Сюжетті бейнелей білуге үйрету.	1	18.10.21
8	«Көкөністер» ТРИЗ	Көкөністерді атай білуге және жемістерден ажырату. Қиялын, шағармашылық қабілеттерін дамыту.	1	25.10.21
9	«Жолақ қағаздағы өрнектер»	Жолақшаға ритмді сезіне отырып сурет салуға ою-өрнектерді бейнелеуге үйрету. Эстетикалық талғамдарын дамыту. Ұлттық қолөнерге қызығушылыққа тәрбиелеу.	1	1,8.11.21
10	«Әдемі кесе» Трафарет	Кесе форамына қиылып берген ақ қағазға «құс қанаты» ою-өрнегін басу арқылы сурет салу дағдысын одан әрі жалғастыру. Шырпы түйірінен нүктелер қойып жүргізуге үйрету.	1	15.11.21
11	«Көңілді көпіршіктер»	Саусақпен сурет салу техникаларын дамыту. Балалардың бір-біріне мерекелік көңіл-күй сыйлай білуге үйрету.	1	22.11.21
12	«Су асты тіршіліктер»	Дәстүрлі емес тәсілмен алақан көмегі мен сегізаяқтың суретін бейнелеуге үйрету. Су асты тіршілігімен таныстыру.	1	29.11.21
13	«Кешкі қала» ұжымдық жұмыс	Ұжымдық жұмыс дағдысын қалыптастыру. Көп қабатты үйлерді салуға үйрету. Өздері тұратын көшені, ауылды білуге тәрбиелеу.	1	6.12.21

14	«Алғашқы қар ұлпалары».	Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін бейнелеуге үйрету. Қар ұлпаларын салу. Әр түрлі заттарды пайдалану қабілеттерін дамыту. Өлі табиғат ерекшеліктерін сезіне білуге тәрбиелеу.	1	13.12.21
15	«Үлкен, кіші шыршалар»	Шыршаның өзіне тән ерекшеліктерін құрлысы мен көлемі әр түрлі шыршаларды салуға үйрету. Қағаз бетіне бағдарлап жақын, алыс объектіні бейнелеу қабілеттерін дамыту.	1	20.12.21
16	«Жасыл шырша жанында»	Дәстүрлі емес тәсілімен алақанды салып қию арқылы әсем шырша жасауға үйрету. Бір-біріне мерекелік көңіл-күй сыйлауға үйрету.	1	27.12.21
17	«Боранды күн»	Елді ауа-райын дәстүрлі емес тәсілдерді пайдаланып бейнелеуге үйрету. Абстракты\тамшы\бейнелер салу, оларды жандарды қабілеттерін дамыту.	1	3.01.22
18	«Қар ханшайымның әдемі өрнектері»	Қиялын , ойын дамыту. Ерік жігерлерін жетілдіру.	1	10.01.22
19	«Қолғапты әшекейлеу»	Балаларды трафаретпен жұмыс істеуге үйрету. Қарша трафаретімен қолғапты әшекейлеу. Оюды ұқыпты қылқаламның ұшымен шығармай бояу.	1	17.01.22
20	«Бұйра тоқты»	Балаларға тоқтыны салуды үйрету. Дене бітімдері; кеуде, басы, аяқтарын салуды түсіндіру. Қағазды ұмаждау арқылы тоқтыны бояу. Көңілді, Көңілсіз күйін бере білу.	1	24,31.01.22
21	«Түйе»	Трафарет басу арқылы түйенің суретін салу. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Умаждалған қағазбен бояу әдісін пайдалануды одан әрі дамыту.	1	7.02.212
22	«Көңілді цирк»	Саусақпен сурет салу әдісін одан әрі дамыту. Ортақ суретті балалардың екі суретте де зат бейнелеуіне үйрету. Цирк алаңы, цирк күмбезі	1	14.02.22
23	«Алжапқышты әшекейлеу»	Басқа ұлттардың қолөнермен таныстыру. Әшекейлер қағаз шетіне, ортасына орналастыруға үйрету . Шыдамдылыққа үйрету.	1	21.02.22
24	«Қысқы ертегі»	Дәстүрлі емес әдістерді пайдаланып сурет салу қабілеттерін дамыту. Сурет жанырларын ажыратуға үйрету.	1	28.02.22
25	«Құмырадағы гүлдер»	Зерттеу, ойларын ісе асыру қабілеттерін дамыту. Қол бұлшық еттерін шынықтыру. Әсемдікті бағалай, сезіне білуге тәрбиелеу.	1	7.03.22
26	«Апама сыйлық»	Аналарына арнап алақан живописін қолдана отырып қию әдісін пайдаланып аналарына сыйлық әзірлеу. Салған суретін жапсыру.	1	14.03.22
27	«Айгүлге камзол сыйлаймыз»	Ұлттық киімдерді оюлармен әшекейлеу қабілеттерін жетілдіру.Ою-өрнектерді симметриялы орналастыру.Эстетикалық тәрбие беру. Шеберлікке баулу.	1	21.03.22
28	«Қоржынды әшекейлеу»	Ұлттық бұйымдарды есте сақтап айта білуге үйрету. Шыдамдылыққа,ептілікке баулу.	1	28.03.22
29	«Балапан»	Құс бейнесін салуға үйрету.Дене пропорция	1	4.04.22

		сын рет-ретімен салуға жаттықтыру.Бояуды ұқыпты жағуға үйрету.Таза жұмыс жасауға т/у.		
30	«Зымыран»	Космос туралы түсініктерін дамыту.Граттаж әдісін пайдалана отырып аспан әлеміндегі құбылыстарды , зымырандарды бейнелеуге үй/у.	1	11.04.22
31	«Алма ағашы гүлдеді»	Умаждалған қағазбен ағаштың бөлігін салып, оған гүлдерді саусақ ұшымен салуды үйрету.	1	18.04.22
32	«Көктем алқабы»	Балаларға алқаптың жасыл, аспанның көк түске боятып салғыза отырып,саусақпен гүлді салуға үйрету.	1	25.04.22
33	«Сирень гүлдеді»	Көз алдына елестету,ойлау қабілеттерін дамыту.Әртүрлі заттарды пайдаланып сурет салуға дағдыландыру.	1	2.05.22
34	«От шашау»	Мерекелік отшашуды салуға мерекеден алған әсерлерін бейнелеуге үйрету. Көңіл-күйлерін көрсете білуге дағдыландыру.	1	16.05.22
35	«Жәндіктер ілемі»	Жәндіктерді бейнелей білуге үйрету.Симметриялы сурет салу қабілеттерін дамыту.Тірі табиғаттағы тіршілікті қадірлеуге тәрбиелеу.	1	23.05.22
36	Өз қалауымен дәстүрден тыс сурет салу әдістерін пысықтау.	Жыл бойы алған білімдерін қорытындылау.	1	30.05.22.